

ДӘСТҮРЛІ ГРАММАТИКА МЕН ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКАНЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Әлімтаева Л.Т.¹, Тарихова Қ.Е.^{2*}

¹ А. Байтұрсынұлы атындағы Қазақ тіл білімі кафедрасының аға оқытушысы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті;

² «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 2-курс магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: kaljan_2000.kz@mail.ru²

Аңдатпа. Мақалада тіл білімінің жаңа бағыттарының бірі – функционалды грамматика, оның дәстүрлі грамматикамен айырмашылығы сөз етіледі. Дәстүрлі құрылымдық жүйе мен функционалды грамматиканың өзара сабақтастығы мен аражігі функционалды грамматика саласын зерттеген авторлардың көзқарасы бойынша талданады. Тілді функционалдық жағынан зерттеген Отандық және шетелдік ғалымдардың пікірі талданады. Дәстүрлі грамматика мен функционалды грамматиканы ажыратуда мағына мен форманың негізгі ерекшеліктері сипатталады. А.В. Бондарко ұсынған «үштаған» (триада) моделіне талдау жасалады. Көзқарастар мен дәлелдер кесте және схема түрінде көрсетіледі.

Кілт сөздер: грамматика, дәстүрлі грамматика, функционалды грамматика, форма, мағына, категория.

Ғылымның заман ағымымен жылжуы, өзгеруі тілге де әсерін тигізеді. Жаңа ізденістер мен зерттеулерге жол ашады. Қазіргі таңда «тіл мен адам» мәселесі түрлі ғылым саласында кешенді түрде зерттелу үстінде. Бұл бағыт тілдегі адам факторын тіл табиғатымен тікелей байланыста зерттейтін антропологиялық лингвистика саласының негізін салды. Ендеше, антропоцентристік бағыт төңірегіндегі зерттеу жұмыстарында тіл тек құрылымдық жүйе ретінде қарастырылмай, тіл мен таным, тіл мен адам, тіл мен қоғам, тіл мен мәдениеттің байланысы жан-жақты зерттеліп жатыр. Аталған бағыт тіл білімінің көптеген салаларының, соның ішінде грамматика саласының өзгерісіне ықпал етті.

Тіл білімінің ішінде грамматика – ең негізгі әрі көне ғылым саласы. Ежелгі үнді философтарынан бастап, грек ойшылдарының еңбектерінде жалғастық тапқан грамматика зерттеу әдіс-тәсіліне, нысанына байланысты тұлғалық (дәстүрлі) және жұмсалымдық (функционалды) болып екіге бөлінеді. Грамматиканың аталған түрлері категориялануы жағынан ерекшеленеді. Алдымен дәстүрлі грамматика мен функционалды грамматиканың аражігін ажыратып алу орынды.

Тілді функционалдық қасиеті жағынан зерттеу Прага лингвистикалық мектебінің тарихымен тығыз байланысты. Вильям Матезиус, Павел Трост, Ян Мукаржевский, Николай Сергеевич Трубецкой, Роман Осипович Якобсон, Л.Блумфилд, А.Мартине секілді ғалымдардың қатысуымен құрылған Прага үйірмесі тілді, тілде орын алатын күллі құбылыстарды функционалдық тұрғыдан қарастырған.

Функционалды грамматика – грамматиканың түрлі тілдік құралдарын семантикалық категориясы мен семантикалық функциясы негізінде қарастыратын кешенді жүйе [1,13]. Функционалды грамматикаға қатысты қазіргі кезде қолданылып жүрген атауларды қолданбағанымен, ғалымдар функционалды грамматиканың негізгі ұстанымдарын, функционалды-семантикалық категория, өріс, семантикалық инвариант, ұғымдық категориялардың өзіндік ерекшеліктерін терең түсінген. А. Байтұрсынұлы, Қ. Кемеңгерұлы, Қ. Жұбанов тұжырымдарының бүгінгі таңдағы ғылым жетістіктерімен сәйкес келуі, бір жағынан, ХХ ғасырдың басында ұлттық тіл білімінің қаншалықты құлаштап алға басқанын көрсетсе, екінші жағынан, репрессия зардабының кесірінен ғылым дамуының қаншалықты тежелгенін де танытса керек [2, 75].

Дәстүрлі грамматика мен функционалды грамматиканың негізгі айырмашылығы: дәстүрлі грамматика әр тіл деңгейінің шеңберінде ғана жұмсалым мәселесін көтеріп, алдымен формалық жағынан анықтап, кейін қандай мағына беретініне тоқталса, тіл білімінде ономазиологиялық бағыт деген атауға ие болған функционалды грамматика тілдің әр деңгейінен қажетті тіл бірліктерін ала алады, мағынадан тұрпат межесіне қарай зерттеуді басты ұстаным етеді.

Функционалды грамматиканың дәстүрлі грамматикадан айырмашылығы, біріншіден, грамматиканың **бірліктілік (единства грамматики)** принципінде. Бірліктілік түрлі грамматикалық элементтердің басқа тілдік құралдармен тығыз байланыстығынан көрінеді, олар бір-бірімен байланыса отырып, тығыз қарым-қатынаста бір парадигмалық жүйе құрайды да грамматикалық бірліктер өздері қызмет ететін ортамен қарым-қатынасқа түседі, солардың ықпалымен қызметін де түрлендіреді. Функционалды грамматиканың екінші бір айырмашылығы оның **жүйелік – интегративтік** принципінде, атап айтқанда, түрлі тілдік деңгейлердің бірліктерін белгілі бір ортақ қызмет аясында біріктіреді, тілдік жүйелікті көрсетеді, ал дәстүрлі грамматикада грамматикалық бірліктер морфология, синтаксис салаларына тарап кетеді. Осы соңғы айырмашылық мына бір жағдайды айқындай түседі: функционалды грамматика дәстүрлі грамматиканы толықтырады, ол тілдік тұтастықты, жүйелікті толыққанды көрсете алады және оның сөйлеу тіліндегі қызметін ашады [3, 179].

Функционалды грамматиканың дәстүрлі грамматикадан айырмашылығы туралы А.В. Бондарко былай тұжырымдайды: «Дәстүрлі грамматика, ең алдымен, «Тілдік жүйе қалай құрылған?» сұрақ төңірегінде жауап береді, ал функционалды грамматика осы жүйенің құрылғысы мен оның элементтерін ескере отырып «Ол қалай жұмыс істейді?» деген сұраққа жауап іздейді. Егер дәстүрлі грамматика тілдік фактілерді тек формадан мағынаға қарай талдап, сипаттайтын болса, онда функционалды грамматика тілдік материалды мағынадан оның өрнегіне, функциялардан оларды жүзеге асыру құралдарына қарай талдаудың маңызын көрсетеді. Функционалды грамматикада сөйлеушінің позициясын, оның ойлау және сөйлеу әрекетінің маңызды жағын, білдіргісі келген мағынадан белгілі бір тұжырымда осы ниетті жүзеге асыруға дейінгі әрекетті көрсетуге деген амалдармен тығыз байланысты» [4, 6]. Ғалым дәстүрлі (деңгейлік, сипаттамалық) грамматика мен функционалды (жұмсалымды) грамматика бір-бірін толықтырып тұратынын айтады. [4, 8].

Осы орайда А.В. Бондарко ұсынған «үштаған» (триада) моделіне сай функционалды грамматиканың негізгі тірек ұғымдарының бірі функция терминіне тоқталып өтуге болады. Функционалды грамматика жеке бірліктердің ғана қызметін емес, тұтас сөйленімнің қызметтік ерекшеліктерін сипаттайды. Функция лат. *functio* – орындау, жасау, іске асыру деген мағыналарды білдіреді. Р.Т. Құлабаева өз мақаласында «функция» ұғымының функционалды грамматика аясында потенциалдық және нәтижелік аспектіде қаралатынын айтады. Потенциалдық аспект тіл бірліктерінің семантикалық қызметті атқара алу қабілетін көрсетсе, нәтижелік аспект тіл бірліктерінің тілдік ортада қолданысқа түскендегі түрі, яғни жұмсалымдық нәтижесін танытады [5, 178]. Құрылымдық грамматика мен функционалды грамматиканың басты айырмашылығының бірі – грамматикалық категория мен ұғымдық категорияны қарастыруында. Категория туралы мәліметтерді таразылау арқылы және ұғымдық категория мен грамматикалық категориялардың өзара айырмашылықтарын А. Жаңабекованың «Грамматикалық және функционалды- семантикалық категориялардың арақатынасы» атты мақаласына сүйене отырып, төмендегідей көрсетуге болады [6, 65-68]:

Грамматикалық категория	Ұғымдық категория
Жеке-жеке тіл деңгейлерінде қарастырылады.	Функционалды семантикалық категориялар ФСӨ құрайды.

Тілдік ортада өмір сүреді.	Сөйлеу ортасына тығыз байланысты.
Статикалық күй тән.	Динамикалық күй тән.
Зерттеу бағытына сай формадан мағынаға қарай талдау жасалады.	Зерттеу бағытына сай мағынадан формаға талдау жасалады.
Морфология не синтаксис деңгейлерінің тілдік бірліктері болып саналады.	Қажет бірліктерді тілдің барлық деңгейінен іздестіре алады.
Таза тілдік категория ретінде сипатталады.	Ойлау әрекетімен, категорияларымен тығыз байланысты.

1-кесте

Б. Қапалбек «Категорияландыру (категория) дегеніміз белгілі бір затты немесе құбылысты өзгелерден ерекшелеп алып, өзімен бір бағыттас не қарсы бағыттағы ұқсастарға апарып қосу екендігі белгілі», - дейді [7, 45] және функционалды грамматика мен дәстүрлі грамматика категорияларының өлшемдері жағынан ерекшеленетінін «Жұмсалымды грамматиканың бастау нүктесі» атты мақаласында былай көрсетеді [8, 20]:

№	Грамматика Ерекшеліктері	Тұлғалық грамматика	Жұмсалымды матика
1	<i>Бастау нүктесі</i>	Тұлғадан мағынаға (семасиологиялық)	Мағынадан тұлғаға (ономасиологиялық)
2	<i>Зерттеу нысаны</i>	Тіл (язык)	Сөйлеу (речь)
3	<i>Құрылымдық бірлігі</i>	Сөйлем (предложение)	Сөйленім (высказывания)
4	<i>Категориялануы</i>	Грамматикалық категория	Семантикалық (ұғымдық) категория
5	<i>Категориялардың типтері</i>	Морфологиялық жән синтаксистік категориялар	Жұмсалымдық мағыналық (категория) өріс(ЖМӨ)
6	<i>Категориялардың түрлері</i>	Шақ, жақ, рай, етіс және т.б.	Модалдылық, аспектуальділік, темпоральділік және т.б.
7	<i>Бөліктеу әдісі</i>	Деңгейлеп тігінен	Тізбектеп көлденеңнен

С.Қ. Құлманов «Қазақ тіліндегі мүмкіндік модальділігінің функционалды-семантикалық өрісі» атты кандидаттық диссертациясында функционалды грамматикада тілдік категорияның табиғатын ашуда төмендегідей талдау әдістері қолданылатынын айтып өтеді:

1) белгілі бір грамматикалық тұлғаның негізгі мағынасын анықтау («тұлғадан мағынаға қарайғы» бағыт);

2) осы тұлғаның семантикасына сәйкес мағына білдіретін басқа да тілдік құралдарды анықтау («мағынадан тұлғаға қарайғы» бағыт);

3) тілдік құралдар білдіретін семантикалық компоненттердің (семемалардың) қайсысының осы құралдарға ортақ семантикалық инвариант болып табылатынын, ал қайсысының өзгеріске түсетінін айқындау [9, 11].

Тілдік категорияларды зерттеуде, әдетте, құрылымдық бағытта тілдік тұлғалардың мағынасын ашу негізге алынатыны белгілі. Бірақ мұндай зерттеу бағыты тілдік құбылыстардың табиғатын толық ашып түсіндіріп бере алмайды. О. Есперсен кез келген тілдік құбылысты әрі «сырттан», әрі «іштен», яғни тілдің сыртқы тұлғасы мен ішкі мағынасы жағынан қарастыруды ұсынды. Осы екі әдістің зерттеу тәсілін ғалым былай түсіндіреді: «В первой части ($\Phi > 3$) мы исходим из формы как данной величины, а затем устанавливаем ее значение или функцию; во второй части ($3 > \Phi$), наоборот мы исходим из значения или функции, и устанавливаем как они выражаются в форме» [10, 32-33].

Дәстүрлі грамматика аталмыш мәселелермен айналыспайды деп айтуға болмайды. Алайда грамматиканы функционалды зерттеуге арнайы және дәйекті көзқарас болмағандықтан, функционалды грамматиканы зерттеу қарқынды түрде жүре бастады. Сонымен, дәстүрлі грамматика сөздердің, сөйлеу бөліктерінің грамматикалық мағыналарын сипаттайды, бірақ олар тіл мен сөйлеу жүйесінде қандай функцияны орындайды, тілге қарым-қатынас құралы ретінде не қажет деген сұраққа жауап бермейді. Бұл мәселенің барлығын функционалды грамматика толықтыра түседі.

Әдебиеттер тізімі:

1. Иманқұлова С.М. Функционалды грамматиканың концептуалды негізі. – ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №1(147), 2014. – 321 б.
2. Жұбаева О. Ұлттық тіл білімі қалыптаса бастаған кезеңдегі функционалды-грамматика көріністері. //Тілтаным журналы. – Алматы, 2009. – №2. – 75 б.
3. Жүнісова А. Функционалды грамматикалық категория ұғымдары туралы кейбір мәселелер. - Алматы: ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №1-2(141-142), 2013. - 231б.
4. Бондарко А.В. Теория значения в системе функциональной грамматики (на материале русского языка). – Москва, 2012. – 736 с.
5. Құлабаева Р.Т. Функция ұғымы туралы //Тілтаным мерзімді ғылыми журнал, 2013. - №2 (50). – 178 бет.
6. Жаңабекова А. Б. Грамматикалық және функционалды-семантикалық категориялардың арақатынасы // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2009. – №5. – 142 бет.
7. Жұмсалымды грамматика (монография-оқулық). – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту институты», 2016. – 508 бет.
8. Қапалбеков Б.С. Жұмсалымды грамматиканың бастау нүктесі // Тілтаным мерзімді ғылыми журнал, 2013 – №2 (50). – 20-б.
9. Құлманов С.Қ. Қазақ тіліндегі мүмкіндік модальділігінің функционалды-семантикалық өрісі: Филология ғылым. канд. ғылыми дәреж. алу үшін дайындал. дисс. авторефераты мамандығы бойынша 10.02.02 - қазақ тілі – Алматы, 2004. - 34 б.
10. Есперсен О. Философия грамматики. – Москва, 1958. – 404 с.

ӘОЖ 81-11

ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЖҰМСАЛЫМДЫ ГРАММАТИКАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ